

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

2. Сыздықова Р. Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы. – Алматы: Академии наук Казахской ССР, 1971. – 179 б.
3. Шалабай Б. Қазақ тіл білімінің мәселелелері. – Алматы: Арда, 2016. – 488 б.
4. Серғалиев Мырзатай. Синтаксистік зерттеулер. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2004. – 392 б.
5. Сыздықова Р. Сөз құдіреті. Көптомдық шығармалар жинағы. /Рәбиға Сыздықова./ – Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 296 б.

ӘОЖ 378.147

КҮРДЕЛІ СӨЗДЕРДІ МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Жақсылық А. Е.

Aizhanermakhankyzy@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – С.С. Шоқабаева

Әлем күн сайын емес, секунд сайын даму үстінде. Оның ішінде жаһандану заманында ғылым мен техниканың пайда болуына байланысты әлемде күн сайын жаңа сөздер мен оларға қатысты көптеген мәселелер тіл білімінің зерттеу ауқымын кеңейту үстінде. Соның ішінде қазақ тілінде де көптеген өзекті мәселелер туындауда. Ал тіл білімінің қай саласын алсақ та бір-бірімен тығыз байланысты. Оның ішінде сөзжасамның аясына кіретін күрделі сөздердің де аясы кеңейіп келеді. Тілімізге жаңадан енген және қолданысқа енген тіркесті сөздер, қос сөздер, біріккен сөздер, оларды мектепте оқыту маңызды мәселелердің бірі болып отыр.

Бірақ күрделі сөздер мен оны оқыту мәселесі бүгін пайда болған мәселе емес. Күрделі сөздер туралы ХХ ғасыр басында қазақ ғалымдары өз пікірлерін білдіре бастаған болатын. А.Байтұрсынов сөз тұлғаларын түбір сөз, туынды сөз, қос сөз, қосалқы сөз, қосымшалар деп бөлді [1, 64]. Күрделі сөздер туралы мәселені алғаш сөз еткен Қ. Жұбанов болатын. Ғалым 1930 жылдары күрделі сөздер, олардың бірігуі арқылы жасалуы туралы, бірігуі арқылы жасалса да тұтас бір мағына береді деп тұжырымдаған болатын. [2,55-56-бб.]. Ал профессор Н.Т.Сауранбаев қазақ тіліндегі изафеттік топтың түрлеріне тоқтала отырып, бірінші топтың өзгешелігі – синтаксистік шеңберден шығып, морфология, оның ішінде сөз тудыру жүйесіне айналған тәсіл екенін көрсетіп, изафеттің бұл түрі қазір де тұтас бір атау болып ұғынылатынын айтқан. [3]. Біріккен сөзге А.Ермеков арнайы еңбек жазған болатын. Ғалым біріккен сөздердің сыртқы түр-тұрпаттық белгі-қасиеттеріне тоқталып өтеді. [4]. Күрделі сөздер жайында тілші-ғалым С. Исаев: «Бір ғана түбірден тұратын негізгі және туынды түбір сөзді дара сөз дейміз. Екі немесе одан да көп түбірден құралған сөзді күрделі сөз дейді. Күрделі сөздер жасалу жолына қарай біріккен сөздер (бүгін, жаздыгүні, алғысөз), қос сөздер (үлкен-кіші, аяқ-табақ), қысқарған сөздер (АҚШ, БҰҰ), тіркесті сөздер (қара торғай, қара көк) болып бөлінеді. Сөйтіп, күрделі сөздер, бір жағынан, сөз тудырудың белгілі бір жолдары (біріктіру, қосарлау, тіркестіру) арқылы жасалған жаңа сөздер болса, екінші жағынан, күрделі түбір, сөйтіп, түбірдің бір түрі болып табылады», – дейді [5, 38]. Ғалым Ғ. Әбуханов біріккен сөздердің орфографиясына қатысты пікір білдіреді. Жаңа сөз жасаудың бір амалына сөздердің бірігуін жатқызады және бұл құбылыстың тарихи құбылысқа жататынын, олардың әр түрлі сөз таптарынан болатынын ескертеді. Біріккен сөздердің сыңарлары жазу кезінде морфологиялық принциппен жазылатынын Жанпейіс (Жампейіс емес), шекара (шегара емес) көрсетеді [6, 42]. Күрделі сөздерді сөз тіркесінен ажыратуда К. Аханов мынадай пікір білдіреді: «Екпінге қарап еркін тіркес пен күрделі сөздерді ажырату мүмкін емес: асық жілік (күрделі сөз) және жуан жілік (еркін тіркес) екпіндері бірдей болса, сингармонизм заңына бағынбайтын күрделі сөздер болады» [7].

Бүгінгі таңда Ж.Б. Саткенованың «Күрделі сөздерді оқыту әдістемесі» мақаласында күрделі сөздерді оқытудың әдістемесін, зерттелу тарихы мен күрделі сөздерді бірлік ретінде танудың критерийлерін ұсынады [8, 179]. Бұған қоса күрделі сөзді құрамына, лексика-грамматикалық мағынасына қарай кешенді-сатылы талдау үлгісін ұсынады [8, 181].

Қазіргі таңда күрделі сөздерді мектепте оқыту нақты тиімді әдіс-тәсілдерді қажет етеді. Осы мәселе бойынша Астана қаласының № 88 мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің 11 мұғалімінен сауалнама алынған болатын. Сауалнамада «Күрделі сөздерді оқытуда нені басшылыққа алу керек?» деген сауалға мұғалімдердің 50%-ы оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдерді десе, 25 %-ы күрделі сөздердің емлесін, ал қалған 25 %-ы жаңа технологияларды меңгеру керек деп жауап берді. Бұдан күрделі сөздерді оқытуда ең қажетті нәрсе дұрыс таңдалған әдіс-тәсіл екенін аңғаруға болады. Ал екінші «Күрделі сөздерді оқытуда қандай әдіс ұсынар едіңіз?» деген сауалға мұғалімдердің басым көпшілігі сатылай кешенді талдауды, жаңа технологиялық әдістер деп жалпылама жауап берді. Үшінші сауалда тиімді ұсыныс ретінде сауалнамаға қатысушылар сатылай кешенді талдауды ұсынды. Н.Оразахынованың «Қазақ тілі сабағында сатылай комплексті талдау жүргізу» еңбегін басшылыққа алу керек деген өз ұсыныстарын айтты. Сонымен қатар сауалнамаға қатысушы мұғалімдер күрделі сөздерді оқытуға байланысты М. Қаратаевтың «Дара және күрделі сөздер» еңбегімен таныс екендіктерін білдірді. Сауалнаманың қорытынды сұрағына қатысушылардың 100 %-ы күрделі сөздерді оқыту бүгінгі таңда өзекті мәселелердің бірі деп өз көзқарастарын білдірді.

Осы сауалнаманың нәтижесі негізге алына отырып, магистранттарға «Күрделі сөздерді оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері» тақырыбында коучинг ұйымдастырылды. Коучинг барысында әуелі магистранттарға күрделі сөздер, олардың түрлері, жасалуы, оқыту жолдары туралы сауал қойылып, пікір алмасу болды. Коучинг барысында «Постер» әдісі қолданылды. Магистранттар «Күрделі сөздерді қалай оқытамын?» тақырыбында өз ұсыныстарын постерге түсіріп, оны топ алдында қорғап шықты. Екінші «Қоқыс жәшігі» әдісі қолданылды. Бұл әдіс бойынша топтарға мәтін таратылып, мәтіннің ішінен күрделі сөздерді жеке парақтарға жазып, оны қоқыс жәшігіне салды. Тапсырма соңында қай топ күрделі сөздерді көбірек тапқандығы анықталып, бағаланды. Бұл – әрі жылдамдықты, әрі нақтылықты талап ететін әдіс. Одан кейін күрделі сөздерді оқытуда жағдаяттық тапсырма берілді. Жағдаяттық тапсырма «Кейс-стади» әдісі арқылы орындалды. Әр топ жағдаятты талдап, өз болжамдарын ұсынды. Коучинг соңында магистранттар «Жеміс ағашы» әдісі арқылы коучингтің сәтті және сәтсіз тұстары туралы өз пікірлерін стикерлерге жазу арқылы білдірді.

Одан кейін іс-тәжірибе ретінде 8-сынып оқушыларына арнайы сабақ өткізілді. Сабақта «Галереяны шарлау» әдісі арқылы интербелсенді тақтаның көмегімен оқушыларға күрделі сөз туралы толық түсіндірілді. Бұдан соң тақырыпқа қатысты тыңдалым мәтіні берілді. Мәтінді тыңдап болған соң «INSERT» әдісі арқылы бірігу және қысқару арқылы жасалған жалқы есімдерді қатыстыра отырып, сұрақтарға жауап берілді.

Екінші тапсырмада оқушыларға сұрақтар берілді. Сұрақтарға жауап беруде «Фишбоун» әдісі қолданылды. Яғни, арнайы берілген плакатқа балықтың қаңқасын сала отырып, сұрақтарға реттілікпен жауап берді. Тапсырманы орындауда қосарлану және тіркесу арқылы жасалған сөздерді пайдалану тапсырманың басты критерийі болды. Үшінші тапсырмада «МИКС» жаттығу әдісі қолданылды. Оқушылар күрделі сөздерге байланысты түсінгенін тақтаға бір сөйлеммен жазып, қорытындылады. Ал сабақтың соңында «Желпуіш» әдісі арқылы оқушы өзінің кері байланысын, ұсынысын параққа жазып, желпуіш жасап бір-біріне берді. Күрделі сөздерді оқытуда қолданылған бұл әдістердің барлығы оқушылардың жас ерекшелігін ескере отырып қолданылды. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы анағұрлым артты. Қысқа-нұсқа жауап жазу, балық қаңқасын салу, желпуіш жасату және сабақ ортасында кері байланыс жасау арқылы күрделі сөздерді жеңіл түрде түсіндіруге болатыны анықталды.

Күрделі сөздерді мектепте оқыту барысында оқушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып оқыту, оқушының бойындағы тілдік дағдыларды

қалыптастыру үшін талдау жүргізу, күрделі сөздерге қатысты ұғымдарды түсіну, сабақ барысында түрлі әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану және оқыту іс-тәжірибе жүзінде іске асырылды, күтілген нәтижелер алынды. Нәтижеге сүйене отырып, күрделі сөздерді мектепте оқытуда төмендегідей әдіс-тәсілдер арқылы түрлі тапсырмалар мен жаттығулар орындалуы тиіс деген қорытынды жасалды:

- Сабақты бастамас бұрын сыныпта психологиялық қалыпты ахуал туғызу, эмоционалды көңіл-күйлерін көтере отырып, ойын жинақтауға әсер ету қажет;

- «Миға шабуыл» әдісі арқылы өткен сабаққа байланысты қысқа, нақты сұрақтар қоя отырып, оқушының зейінін бір жерге шоғырландыру керек;

- Мағынаны тану, оқушыларға күрделі сөздер туралы түсіндіру, ерекшелігіне тоқталу, бұл ретте «Болжау», «Галереяны шарлау», «Бэкроним» т.б. әдістерді қолдану өте тиімді;

- «Фишбоун», «Зерттеуші», «Бұзық телефон», «Ыстамбұл ойыны» әдістері арқылы тапсырмаларды қызықты етіп орындату теориялық білімді практикалық тұрғыдан оқушылардың өздері іске асырады, тақырыпты терең түсінеді, ережені есте сақтайды, күрделі сөздердің жасалу жолдарын, түрлерін меңгереді;

- «Дауыстап оқу», «Бір минуттық тыңдалым», «Бір абзацтық эссе» әдістері арқылы құрамында күрделі сөздері бар мәтіндерді оқыту және тыңдату арқылы тапсырманы орындату, оларды құрамына қарай бөліп жаздырту арқылы сабақтың мақсатына жетуге болады, бұл оқушылардың жазылым, тыңдалым, оқылым дағдыларын арттырады;

- «INSERT» әдісі арқылы сабақта бұрын таныс болмаған ұғымдарды және бұрыннан таныс ұғымдарды жазады. Бұл әдіс арқылы терминдерді есте сақтау дағдысы қалыптасып, бұрыннан таныс терминдерді санасында қайта жаңғырта алады.

- «Шеринг», «Сұрақ ілмегі», «Қара жәшік» әдістерін сабақты қорытындылау тапсырмаларында қолдана отырып, күрделі сөздерге қатысты ауызша тапсырмалар орындайды. Бұл жерде оқушы тақырып бойынша сабақты тұжырымдайды әрі айтылым дағдысы қалыптасады.

Оқушыларға күрделі сөздерді жеңіл, түсінуге оңтайлы етіп оқыту мен қызықты әдіс-тәсілдерді пайдалану үшін АКТ құралдары қажет. Себебі қазір ХХІ ғасыр технология ғасыры болғандықтан, балаларды сабақта қолданылатын әртүрлі технологиялар арқылы қызықтыруға, ынталандыруға болады. Соның ішінде сатылай-кешенді талдау технологиясына байланысты Ж.Саткенова өзінің ғылыми мақаласында былай дейді: «Сатылай-кешенді талдау технологиясы арқылы берілген білім білімгердің күрделі сөз туралы алған білімін жүйелі меңгеруіне мүмкіндік жасайды» [8, 182].

Қорытындылай келгенде, күрделі сөздерді оқытуда тек теорияны ғана қамтып қоймай, тиімді әдістерге негізделген тапсырмалар мен жаттығулар орындату арқылы практикалық тұрғыдан да меңгерту қажет. Жаңаша әдістер арқылы өтілетін материалды оқушыға жеткізу мүмкіндігі артады. Яғни, күрделі сөздерді жаңаша әдіспен, өзгеше тәсілмен оқыту сабақтың нәтижелі болуына ықпал етеді. Шығыс халқының философы Конфуций: «Маған айтсаң ұмытып қаламын, көрсетсең есімде сақтаймын, өзіме жасатсаң ешқашан ұмытпаймын» деген екен. Сол себепті күрделі сөздерді оқытуда тиімді әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың әдістер көмегімен өз бетінше жұмыс жасауына ықпал етіп, бағыт-бағдар беру арқылы сапалы білім мен жоғары нәтижеге жетуге болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынов А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзал-ай, 2013. – 640 б.
2. Жұбанов Қ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзал-ай, 2013. – 640 б.
3. Шакенов Ж. Қазақ тіліндегі күрделі сөздер мен күрделі тұлғалар. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 119 б.
4. Шакенов Ж. Мектепте қазақ тіліндегі күрделі сөздерді оқыту. – Алматы: Мектеп, 1982. – 94 б.
5. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Өнер, 2007. – 338 б.
6. Әбуханов Ғ. Қазақ тілі. – Алматы: Мектеп, 1960. – 114 б.

7. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері: оқу құралы. – Алматы: Өлке, 2010. – 240 б.
8. Саткенова Ж. Күрделі сөздерді оқытудың әдістемесі. // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2016. – № 4. – Б. 179-182.

ӘОЖ 81`23

ТІЛ – ҰЛТ ПЕН ҰЛЫСТЫ БІРІКТІРУШІ РУХАНИ КҮШ

Жаныбаева Бибисалиха Өмурбековна

Bibisalihajanybaeva@gmail.com

Рустамбекқызы Нургиза

Nurgizarustambekova3@gmail.com

Ош мемлекеттік университеті «Орыс тілі мен әдебиеті» мамандығының 1 курс студенттері, Ош, Қырғызстан
Ғылыми жетекшісі – Найманбай А.Р.

Тілдің қай ұлтта, қай елде болса да қасиеті шексіз, бағалы. Ол әрбір адамның бойына ана сүімен бірге дарып, өріс алып, кемелденеді. Тіл байлығы – әрбір елдің ұлттық мақтанышы болып есептеледі. Сондықтан да ол атадан балаға мирас болып отыратын баға жетпес құндылығы. Демек, әр адам ана тілін көзінің нұрындай сақтауы тиіс.

Қазақ тарихында тілдің құдіреттілігі мен теңдесі жоқ рухани құндылық екендігін Алаш зиялыларынан бастап барлық ойшылдар атап өткен. Енді соларға шолу жасасақ: «Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл» (А.Байтұрсынұлы), Тіл сақтауға мүмкін болғанда, тіл сақталуға тиіс. Біз тілімізді қанша сақтасақ, ұлтымызды да сонша сақтаған боламыз (Ғ.Қараш), «Ұлттық рухтың негізі – ұлттық тіл. Кешегі Ресей тіліміздің дамуына жол бермеді. Ол кезде біздің ұлттық басылымдар шығару құқығымыз жоқ болатын» (М.Шоқай), «Ана тілін жақсы біліп тұрып бөтенше жақсы сөйлесең, бұл – сүйініш; ана тілін білмей тұрып бөтенше сөйлесең, бұл – күйініш. Өз тілін білмей тұрып, жат тілге еліктей беруі зор қате. Бұл оқығандардың һәм оқушылардың есінен шықпауы керек (Х.Досмұхамедұлы), Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болу (М.Жұмабаев).

Әлемде қанша ұлт, нәсіл болса, оларды бір бірінен даралап тұратын да басты бойтұмары – туған тілі. Бұл ретте қазақтың көрнекті композиторы, профессор А.Жұбанов «Әр халықтың ана тілі – білімнің кілті», – деп орынды айтады.

Әрбір халықтың танымдық болмыс ерекшелігі оның тілінен байқалады.

Мемлекеттік тіл – тәуелсіздік ұғымымен тікелей астасып жатыр. Тіл тағдыры – елдің тағдыры, ол тек мемлекеттік саясатпен, мемлекеттік мекеменің ісімен ғана шектелмейді. Мемлекеттік тілдің дамуы жолында әрбір азаматтың үлесі мен атқарар міндеті болуы тиіс. Өйткені, тіл мәселесі өте маңызды, біріншіден, тіл – өзімізді ұлт ретінде сақтаудың қорғаны, екіншіден, барлық ұлттарды біріктіруші ортақ байлығымыз. Олай болса, мемлекеттік тілді білу – әрбір отбасының, ұжымның негізгі мақсаты болмақ, біз тіл арқылы ғана атадан балаға мирас болып келе жатқан ұлттық құндылығымызды сақтай аламыз.

Бүгінгі қолданыстағы қырғыз тілінің тарихы тым алыста. ХІХ ғасырда Молдо Қылыч, Молдо Нияз, Тоголок Молдо, т.б. зиялылар араб жазуымен қырғыз тілінде өз шығармаларын жариялай бастады. Шағатай жазу мәдениетінің ықпалына қарамастан қырғыз халқы өзінің жазу мәдениетін ілгері дамытты. Мұны араб жазуына бейімделген бүгінгі қытай қырғыздарының жазу мәдениетінен байқауға болады. Тарихшы-ғалым Осмоналы Сыдықұлы шығармаларын араб тілінде жазған. Қ. Тыныстанұлы, І. Арабаев, Б. Солтоноев және т.б. ғалымдар ғылыми еңбектерін араб әліпбиіне, кейін латынға, кейін кириллицаға негізделген жазбаша түрде дайындады. Жаңа қырғыз тілі революциядан кейін қалыптаса бастады. Әуелі